

**"Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 830 Жарлығына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 11 маусымдағы № 923 Жарлығы.

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 наурыздағы № 830 Жарлығына мынадай толықтыру енгізілсін:

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Осы Жарлықтың 1-тармағының талаптары:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің операцияларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің құрылымына кіретін ұйымдардың операцияларына;

2) Қазақстан Республикасының аумағына Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттің аумағынан әкелінген және қайта өндеу шарттары туралы құжат және мемлекеттік бақылау актісі негізінде "кері экспорт" кедендік рәсімімен мәлімделетін шетелдік шикізатты қайта өндеуден кейін алынған аффинирленген алтынды әкетуге;

3) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылатын мемлекеттің алыс-беріс шикізатын қайта өндегеннен кейін алынған аффинирленген алтынды сол Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің аумағына аффинирленген алтынды кейіннен әкете отырып (қайта өндеу шарттары туралы қорытынды негізінде) әкетуге;

4) екінші деңгейдегі банктердің шетелдік банкпен жасасқан тиісті шарты негізінде жүзеге асырылатын төлемдік емес және (немесе) айналысқа жарамсыз қолма-қол шетел валютасын әкетуіне;

5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекелеген актілерінде айқындалатын өзге де жағдайларға қолданылмайды деп белгіленсін."

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

К.ТОҚАЕВ